

АСЫЛ ТУҚЫМДЫ
БҰҚАНЫ ІРІКТЕУ
КЕЗІНДЕ НЕГЕ **КӨҢІЛ**
АУДАРУ ҚАЖЕТ



АСЫЛ ТУҚЫМДЫ БҰҚАНЫ ІРІКТЕУ КЕЗІНДЕ НЕГЕ КӨҢІЛ АУДАРУ ҚАЖЕТ

Асылтұқымды жануарлар жағымды генотипті иеленушілер ретінде құндылыққа ие болады, тауарлы табындарда фенотип бағаланады. Генетикалық құндылық-өндірушіні таңдау кезінде көңіл аударылатын негізгі критерий болып табылады. Жоғары тұқымқуалаушылық және экономикалық маңыздылығына аса мән беріледі. Сонымен, өндіруші бұқаны іріктеу барысында неге көңіл аудару қажет?

ШЫҒУ ТЕГІ БОЙЫНША АҚПАРАТТАР

Бұқаның шежіресіндегі алыс атасын асыра бағалап керек емес. Олар малдың генотипіне айтарлықтай әсер етпейді.

Шежірені екінші ұрпақ бұқаларының мәліметтері бойынша бағалайды. Тәжірибе көрсеткендей мұндай бұқалардың өнімділігін нақты бағалауға болады. Шығу тегі белгісіз бұқа ұрпаққа едәуір әсер ететін жағдайлар болады, алайда, шығу тегі белгілі жануарларға басымдылық беру керек.

Кейбір мал өсірушілер тек қана белгілі бір линияның өндірушілерін ғана қолданумен шектелгенді жөн көреді, осылайша, олар өз еріктерімен аталмыш линияның бұқаларына қымбатыра төлейді. Олардың ұстанатын ойлары, осы ретпен алынған бұқалар өндіруші ретінде қабілеттерін болжау үшін едәуір сенімді.

Шежіреде көрсетілген өнімділік туралы мәліметтер өндірушінің туған сәтінен бастап, өзіндік асылтұқымдық құндылығы көрсеткіштерімен бірге пайдаланған кезде бұқаны іріктеу барысында қосымша құндылыққа ие.


Әлі туылмаған өндірушінің асылтұқымдық құндылығы оның ата-енесінің өнімділігі туралы ақпараттардың және аталық және аналық линияларға байланысты аңқталады. Бұл өз кезегінде ұрықтандыру жоспарын құруға мүмкіндік береді.

ӨНІМДІЛІГІ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР

Бұқаның жоғары тұқымқуалаушылық (40% жоғары) және экономикалық маңызды қасиеті бір уақытта оның асылтұқымдық құндылығының бағасы ретінде жүреді. Бұқашықтың туған сәтінен бастап, оның фенотиптік көрсеткіштеріне аса назар аударады. Келесі көрсеткіштерге көңіл аударған жөн:

1. Туылған кездегі тірі салмағы. Туылған сәтіндегі тірі салмақтың тұқымқуалауы 0,48 құрайды, бұл көрсеткіш іріктеу әдісі арқылы жақсартылуға оңай көнетіні белгілі. Туылған кездегі тірі салмағы келесі жылдамдықпен оң корреляциялық байланысқа түседі. Сол уақытта бұл туылған кезде төмен тірі салмақ көрсеткіші мен бір жас шамасында жоғары тірі салмағы арасында теріс корреляциялық байланыстың бар екенін көрсетеді.

Туылған кездегі тірі салмағы мен төлдеу кезіндегі қиындықтар (дистоция) тікелей байланысты. 4.3 суретте төлдеу барысында орын алатын қиындықтарға әсер ететін факторлар көрсетілген.



4.3. Қиын төлдеуге әсер ететін факторлар: 1 — Буаздық ұзақтығы; 2 — буаздық кезеңі барысында сиырлардың тірі салмағының өсуі; 3 — бұзаудың жынысы; 4 — сиыр жамбасының өлшемдері; 5 — төлдеу алдында сиырдың тірі салмағы; 6 — туылған кездегі төл салмағы

На примере абердин-ангусских и герефордских первотелок показано, что живая масса при рождении является фактором предрасположенности производителей передавать затрудненные отелы.

2. Енесінен ажырату кезіндегі тірі салмағы Енесінен ажырату кезіндегі тірі салмағының тұқым қуалауы 30% құрайды, бірінші кезекте аталмыш көрсеткіш сиырдың аналық қасиеттеріне байланысты. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, бір жастағы тірі салмағы бойынша іріктеу енесінен ажырату кезіндегі тірі салмақ көрсеткіші бойынша асылтұқымдық құндылығын енесінен ажыратқан кездегі тірі салмақтың өзіне жасалған тура селекциямен салыстырғанда біршама жылдам жақсартатынын көрсетеді. Дәл осы себеппен сонымен қатар аталмыш көрсеткішке қоршаған орта шарттары едәуір әсер етуіне ал, мен енесінен ажырату кезіндегі тірі салмағы өндірушіні іріктеу кезінде есепке алына бермейд, соңғысы өз кезегінде бұқаның өсу мүмкіндіктерін қажетті деңгейде көрсетпейді.


2. Бір жылдық жас шамасындағы тірі салмағы. Аталмыш көрсеткіштің тұқымқуалауы жоғары — 60%, бұқаның өзіндік жеке өнімділігі оның асылтұқымдық құндылығын берілген көрсеткіш бойынша көрсететін белгісі болып табылады. Бұл көрсеткіш өндіруші бұқаның тұқымқуалаушылық қасиеттерін болжау үшін қажет. Бір жылдық жас шамасында өсу көрсеткіштері бойынша құрдастарынан асып түсетін бұқалардан сою кезінде қажетті салмаққа ие болғанша өсу қарқыны жоғары бұзаулар алынады.

3. Ересек жасынағы тірі салмағы. Аталмыш көрсеткіш жоғарыда қарастырылған өсу көрсеткіштерімен оң корреляциялық байланыс орнатады. Тіршілік етуі барысындағы түрлі кезеңдерінде нәтижесінде ересек жас шамасында тірі салмағының жоғарылауына әкеледі.


Туылған сәтінде шамаға сай тірі салмаққа ие болған және жоғары өсу қарқынын 12-18 айлық жас шамасында дейін көрсететін өндірушілер, шамаға сай тірі салмағын ересек кезінде де сақтап қалады. Малды күтіп-бағу құны жоғары болатындықтан ерте жасында жоғары тірі салмақ өсімі бар жануарларды іріктеу керек. Іріктеу барысында ересек жасындағы тірі салмағы жануар жайлы мәліметтер келтірілмеген жағдайда маңызды рол атқаруы мүмкін. Жақын арадағы тірі салмақ бойынша іріктеудің өзі нәтижесінде бұқалар мен сиырлардың шамадан тыс ірі болып, оларға кететін шығындардың артуына әкелді, бұл өз кезегінде экономикалық маңызды көрсеткіштерге сай малды іріктеуге қайшы келеді.

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Табын өндірушілерін іріктеу барысында жоғары ұрықтандыру қабілеті, дене бітімі, ұлпалардың құрамы, дене көлемі сиықты көрсеткіштерге мән беріледі, себебі осы аталғандардың барлығынан жануардың өнімділігі бойынша ақпарат алуға болады (4.4 сурет).



4.4. Заманауи типке жататын абердин-ангусс тұқымының өндіруші бұқасы. (суретші Ф. С. Мурфидің суреті бойынша).



4.5. Аталық жыныс мүшесінің формасы (түсінігі суретте келтірілген).

4.6. ұма орамын өлшеу: өлшеуіш таспаны ұманың ең кең жеріне орналастырады

1. Өндірушілік қабілетінің көрсеткіштері. Аталмыш көрсеткіш бойынша бағалау- өндіруші бұқаның өнімділігін анықтауда маңызды орын алады. Физикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ жоғары өнімділікті бірнеше көрсеткіштер бойынша анықтауға болады. Жайылымда ұстау шарттарында және табиғи шағылыстыру кезінде бұқа жақсы дамыған көру мүшелеріне ие болу керек. Сонымен қатар, аяқтары мен тұяқтары сау әрі берік болып жақсы дамуы қажет. Аяқтағы жырықтар немесе әлсіз ісінулердің өзі 60 күндік шағылыстыру маусымында тиісті көлемде сиырларды ұрықтандыру бойынша бұқалардың қабілетіне әсер етеді. Осы белгілері бойынша бағалауды жануарды қарау арқылы оңай жүргізуге болады.

2. Ұма пішіні мен орамы. Өндіруші бұқаның маңызды көрсеткіші бұл қарау және өлшеу кезінде бағалауға болатын ұманың пішіні мен өлшемі (4.5 сурет). Ұма орамы, пішіні және өлшемдері бұқаның шәует өндіру қабілетімен тікелей байланысты.

Өлшемнің айқын болуы үшін бас кезінде ұма пішінің көзбен қарап алу керек. 1 бұқа ұмасы тура отырғызылған, бұл өз кезегінде аталық жыныс мүшесінің орташа өлшеміне байланысты. 3 бұқа ұмасы денеге қарай жиырылып тарылып тұрады, бұл аталық жыныс жүшесінің кішкене өлшемі көрсетеді. 2 бұқаның ұмасы қалыпқа сай пішінде, өзінше айқындалған мойны бар аяқ буындарына дейін жетеді.

Бір жас және одан да ересек жас шамасындағы бұқалардың ұма орамы 25—47 см құрайды.

Бір жастағы бұқаның қадыпты деңгейдегі ұма орамының өлшемі 32—34 см болатыны белгіленген.

Кейбір жануарлар үшін ұма орамының 30 см немесе одан да кем болуы қадыпты жағдай, бірақ 2 жас шамасынан да ересек бұқалар үшін ұма орамы 34 см төмен болғаны дұрыс емес.

Шамадан тыс азықтандырылған немесе жоғары қоңдылықтағы бұқаларда қалыпты жағдайдағы бұқалармен салыстырғанда ұма орамы 2-3 см артық болуы керек. Ұма орамы- аталық жыныс безі жақсы білінетін ең үлкен диаметрі бар жерді сантиметрлі таспамен өлшейтін ең нақты дәл көрсеткіш (4.6 сурет).

3. Дене бітімі. Қаңқа өлшемдері етті бағыттағы малды бағалау кезінде маңызды көрсеткіш (4.7 сурет). Дене бітімі бойынша бағалау тұқымқуалаушылық белгінің жоғары көрсеткішіне ие (0,6), басқа көзбен қаралатын көрсеткіштермен салыстырғанда дене бітімі бойынша балдық бағаланудың қайталануы жоғарырақ (0,8—0,9).

Жануардың дене бітімі мен дене өлшемдері физиологиялық жетілу барысын анықтау кезінде маңызды орын алады. Мысалы, әр түрлі типтегі бордақыланған мал үшін макималды шамада өнім мен ұша алу мақсатында дене бітімі көрсеткіштерін союдың оңтайлы уақытын болжау үшін қолдануға болады (сою кезіндегі тірі салмағы). Осылайша дене бітімі бойынша 3 балмен бағаланған сонымен қатар бұқашықтың өзіне және енесіне кеткен энергияға шаққанда көп мөлшерде сиыр етін алу үшін піштірілген абердин-ангусс бұқашығының тірі салмағы 443 кг болуы қажет. Бұл өз кезегінде 2 кластағы шамаен алғанда «төмен іріктеу» сұрпын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, мұндай тірі салмақ 3 балмен бағаланған піштірілген бұқашық үшін оңтайлы, дене бітімі үшін 5,0 балл алған бұқашыққа арналған тіріс салмақ 488 кг.

4. Экстерьерлік көрсеткіштер. Генетика мамандары және басқа да ғалымдар оларды сандық белгілеу қиынға соғатындықтан экстерьерлік көрсеткіштердің маңыздылығын түсіреді, бірақ, тәжірибе көрсеткендей бұл белгілердің тұқымқуалауы айдан анық. Бұл көрсеткіштерді дұрыс бағаламау нәтижесінде шағылыстыру кезеңінде бұқалардың шептен шығып, ал қыздарын тым ерте браққа шығарылуына әкелді.

Иықтары тік келген, тұяқтары ішке қарай иілген (маймақ аяқ) аяқтары тар қойылған бұқалар мәселе туыдырып отыр. Артқы аяқтарының кемшіліктеріне тұяқтарының іш жағынан қажалуыға әкелетін әлсіз бақай буындары жатады.








4.2 кесте Сербек аралығы биіктігі (см) және енесінен ажыратылған кезінен бастап ересек жасқа дейінгі бұқаларды балдық бағалау

Жас шамасы, ай	Дене бітіміне қйылатын балдар						
	1	о	3	4	5	6	7
5	86	91	97	102	108	111	117
6	89	94	99	104	109	114	119
7 (205 күн)	91	97	102	108	111	117	122
8	94	99	104	109	114	119	124
9	97	102	108	111	117	122	127
10	99	104	109	114	119	124	130
11	102	108	111	117	122	127	132
12 (365 күн)	104	109	114	119	124	130	135
13	106	111	116	121	126	131	137
14	108	113	116	123	128	133	138
15	109	114	119	124	130	135	140
16	НО	116	121	126	131	136	141
17	111	116	121	126	131	137	142
18	111	117	122	127	132	137	142
19	112	117	126	128	133	138	143
20	ИЗ	118	123	128	133	138	144
21	114	119	124	129	134	139	144
22	114	119	124	130	135	140	145
23	115	120	125	130	135	140	145
24	116	121	126	131	136	141	146
Ересек	117	124	130	135	140	145	147

Экстерьерлік кемшіліктер әлі де өсу барысындағы бордақыланатын малға әсерін тигізеді; аталмыш кемшіліктер мен төмен өнімділік өзара байланысты. Жоғарыда талған ақауларға ұшырайтын табын өндірушілері (4.8 сурет), браққа шығарылып мал көрмелері мен жайылымдарда төмен баға алуы керек.

5. Бұлшық еті. Етті бағытта өсірілетін мал шаруашылығының басты міндеті- едәуір жақсы дамыған бұлшық ет ұлпасы бар жануарларға ие болу. Мал өсіру бойынша мамандар аталмыш көрсеткіштің тікелей өндірушіге байланысты болатындығымен келісулері қажет. Дене бітімінің көрсеткіштеріне толық дамымаған немесе аса дамып кеткен бұлшық ет сияқты басқа да белгілермен ұштасуға тура келеді. Соның ішінде дене бітімі әр түрлі малдардан да жоғары ет шығымын алуға болатындығы шешім қабылдау кезінде қиындық туғызады.


Табын өндірушісі берілген дене бітіміне сай оңтайлы тірі салмаққа ие малды етке өткізу үшін ет бөліктерінің шығымы бойынша 2 сұрыпты ұшалы ұрпақ беру мақсатында қажетті деңгейде бұлшықеттенуі керек, 4.9 суретінде бұлшық етінің дамуы бойынша әр түрлі типке жататын бұқалар көрсетілген (Л, В, С, D, E). Ет бөліктерінің шығымы бойынша 2 сортқа сәйкес келетін бұлшық ет типі бар В өндіруші бұқасына артықшылықты бру керек.

205 күн	365 күн	Құйымшақ биіктігі (см) жас шамасы
	91-94	104-107
	96,5-99	109-112
	102-104	114-117
	107-109	119-122
	112-114	124-127
	117-119	130-132
	> 119	> 135

4.7. Денебітімін бағалау (бірден жетіге дейін аралықта); дене бітімі 3 балмен бағаланған кездегі құйымшақ биіктігі 12 айлық шасында 114 см болу керектігін ескереді. Бұл өлшем 5-12 ай жас шамасының аралығында ай сайын 2,5 см, 12-18 айларда – 1,3 см және 18 айдан 2 жасқа дейін – 0,64 см артып оырады. Құйымшақ биіктігінің нақты шамасын осы өлшемді белгілі бір жаста анықтау үшін қолданады. Келесі жолмен анықалады:


$\frac{\text{Күн саны}}{365} \times 2,5 \text{ см} + \text{нақты құйымшақ биіктігі} = \text{белгілі бір жасқа келтірілген құйымшақ биіктігі}$

Әдетте ұрғашылардың құйымшақ биіктігі сол жастағы бұқашықтардың биіктігімен салыстырғанда 5 см артық.



4.8. Дене бітімінің кең тараған кемшіліктері:
 1 — артқы аяқтары тік қойылған, иықтары да тік орналасқан; г — маймақ аяқ — тұяқтардың ішкі жақтан қажалуы, з — бақай буындары маңайында аяқтарының тұрақсыздығы — тұяқтарының ішкі жағының қажалуы.

А бұқасы аса дамыған бұлшық етке ие, ет бөлшектерінің шығымы бойынша нарықтық қондылық бойынша 1 сұрыпқа жатады. Бірнеше себептермен мұндай шамадан тыс даму қажет етілмейді. Біріншіден, табында шамадан тыс дамыған бұлшық етке ие болатын өндірушілерді пайдалану сиырлардың төлдеуін қиындатып, жас төлдердің етінің мраморлығы төмендеп (малдың көбісі «стандартты» және «жақсы» сұрып бойынша бағаланады), жануарлар аз қозғалыста болады (ұзақ уақытқа айдауға көнбейді) және белсенділігі үшін бұлшықет энергиясын көбірек қажет етеді.



4.9. Определение развития мускулатуры.

А бұқасының шамадан тыс дамыған бұлшық еті табында екіжақты бұлшықеті бар, яғни ақау деп саналатын көрсеткішке ие малдардың пайда болуына әкеледі.

Ұрғашыларда құйымшақ биіктігі әдетте, кестеде көрсетілген бұқашықтардың көрсеткіштерінен 5 см кем. Шоқтық биіктігі бұқашықтарда да ұрғашылардыкімен ұқсас белгілі бір жаста құйымшақ биіктігі кем болатынындай, тиісінше 5 см төмен болады, бұл бұқалардың өндірушілік қабілетінің және еттің мраморлығының төмендігімен сипатталады. Етті бөлшектері бойынша 1 сұрыпқа жататын шамадан тыс дамыған бұлшықетке ие піштірілген бұқашықтардың бұлшықетішілік майы мен стандартты сұрпы жоғалады. Бұл мәселені бұлшық еттің дамуын бағалау арқылы шешуге болады. Жануарлардағы толық дамыған екіжақты бұлшықет(дуппелендері) белгілері келесідей:

1) Дене тұрқының артқы ширегі кеңейтілген, ең ірі бұлшықеттерінің екі еселенуі байқалады, бөксесі дөңгеленген;

2) Иықтары етті, ашық;

3) Аяқтары ерекше кең қойылған, бұл өз кезегінде арқаның түсіңкілігіне әкеледі;

4) Жануар түрі арықша келген, жақтары цилиндрлі пішінде, шабы таңдалған;

5) Бұлшық етін санамағанда, бұқалардың аталық белгілері жоқ, ал сырларда аналық белгілер байқалмайды;


6) Сүйектері жіңішке;

7) Құйрығы қысқа;

8) Аталық жыныс бездері кішкентай;

9) Құйырығы жоғары орналасқан және құйымшақта білінеді.


Аталғандардың ішінен екі жақты бұлшықеті бар жануарларға едәуір тән келетіні арық қоңдылығы, жоғары орналасқан құйрығы мен бұлшықеттері көзганық байқалатын тұрқының жақсы дамыған артқы жағы (4.10 сурет).



4.10. Екі жақты бұлшықеті бар бұқа

6. Дене көлемі. Етті бағыттағы мал шаруашылығында ең маңызды экономикалық белгілер- белгілі бір жастағы тірі салмақ пен азықты тиімді қолдану. Өндірушілік қабілеті мен ұрпақ сапасы бойынша жоғары баға алған өндірушілер, әдетте кеудесі кең және дене тұрқының көлемді болуымен ерекшеленеді, мұны малды қараған кезде және ұшаларды бағалау сайысында көруге болады. Селекционердің жұмыстары көбінесе ықшам және тығыз дене тұрқына ие малдарды өсіруге бағытталған, бұл өз кезегінде болжалды мол өнімділік пен ұзақ тіршілік етуге сәйкес келетін терең әрі серпімді қабырғалары мен дене көлемі бар жануарлардың ескерілмей қалуына әкеледі. Шаруашылыққа тиімді жануарлар өткенмен салыстырғанда қазіргі уақытта аса ірі өлшемдер мен дене көлеміне ие болуы әбден мүмкін. Шошқа шаруашылығы – ұшалардың шамадан тыс дамыған сапасы бойынша жүргізілген сұрыптау мен малдардың өнімділігін және өмір сүру ұзақтығын дұрыс бағаламаудың қандай жағдайға әкелетінін көрсетті. Қазіргі уақытта шошқа өсірушілер асылтұқымды жануарларға қарын қуысының көлемін, сүйек салмағын қайтаруға және бұлшықет құрылымын жақсартуға атсалысуда.

Асылтұқымды табындарда өндірушілік қабілеттерді, өнімділік және ұшалардың сапасының минималды түрде ғана төмендеп сүйек беріктігіне байланысты іріктеуді жүргізіп жатыр (еттегі бұлшықет және май ұлпаларының қатынасы).



4.11. Дене көлемі:

1— ұнамды тип — тиісті дене көлемі, терең орнатылған қабырғалар, жақсы дамыған сүйек, - ұнамсыз тип — дене тұрқы шамадан тыс терең және шамадан көп майдың жиналуы 3- ұнамсыз тип— қабырғалары ұсақ, дене көлемі қажетті қалыпта емес, сүйегі тым ұсақ.

Кеуде қуысын тереңдету мен дене көлемін арттыру бағытында өзгерістер енгізу үшін уақыт қажет. 4.11 суретте малдың ұнамды типі бойынша түсінік қалыптасуы үшін үш профиль келтірілген.

ҰРПАҒЫ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР

Бұқадан қажетті бұзаулар саны алынған бастап, оның асылтұқымдық құндылығын анықтау кезінде сұрыптау жұмыстарында өзінің жеке өнімділік көрсеткіштеріне емес, керісінше, ұрпақ сапасына көңіл аударады. Бұл өз кезегінде тұқымқуалаушылығы төмен (өндірушілік қабілеті) немесе тек қана сою барысында анықталатын белгілерге (ұша сапасы) қатысты. Маңызды көрсеткіштері бойынша асылтұқымдық құндылығын анықтау үшін бес ұрпақ бойынша мәліметтер алынуы керек. 4.3 кестеде бұқаның асылтұқымдық құндылығын қаншалықты нақты анықтауға болатыны көрсетілген, яғни, бұқаның өзіндік өнімділігіне және ұрпағының өнімділік көрсеткіштері бойынша бөлек сонымен қатар аталған көрсеткіштерді біріктіріп анықталған, максималды нақтылық бірлікке есептеледі.

Бұқаны ұрпақ бойынша бағалау жұмыстары қымбатқа түседі, сондықтан да оны тек қана жоғары сапа көрсетіп, жасанды ұрықтандыру кезінде пайдаланылатын бұқалар ғана өтуі қажет. Әдетте, тәжірибе барысында солай жүргізіледі.

4.3 кесте. Асылтұқымдық құндылықты анықтау нақтылығы

Малдың өзіндік өнімділігі				
Тұқымқуалаушылық	Асылтұқымдық құндылығының нақтылығы			
0,20	0,45			
0,40	0,63			
0,60	0,78			
Ұрпағының тек қана өнімділік көрсеткіштері				
Тұқымқуалаушылық	Асылтұқымдық құндылығының нақтылығы			
	10	20	40	80
0,20	0,53	0,72	0,82	0,90
0,40	0,78	0,83	0,91	0,92
0,60	0,80	0,88	0,94	0,97
Бұқаның жеке өнімділігі мен ұрпағының өнімділігі бойынша ақпараттардың байланысты болуы				
Тұқымқуалаушылық	Асылтұқымдық құндылығының нақтылығы			
	Ұрпақ саны			
	0,20	0,53	0,72	0,82
0,20	0,66	0,75	0,84	0,90
0,40	0,80	0,86	0,92	0,95
0,60	0,88	0,91	0,95	0,97

ТАБИҒИ (еркін) ШАҒЫЛЫСТЫРУ БАРЫСЫНДА БҰҚАНЫ ТАҢДАУ

Егер табында жасанды ұрықтандыру әдісі сәтті қолданылса да, малды жайылымдық шарттарда ұстау үшін жақсы бұқа керек. Кейбір кезде табынның үздік сиырларын табиғи шағылымтыру әдісімен ұрықтандыруға тура келетіндіктен міндетті түрде пайдаланылатын бұқа талаптарға сай болуы қажет. Жасанды ұрықтандыру жоспарланбаса да, табиғи шағылыстыру үшін қолданылатын бұқаны тиісінше дұрыс таңдау қажет.

Бұқаны сатып алу мәселесін шешу үшін оның өнімділік көрсеткіштерін, сонымен қатар енесінен ажыратқан кездегі және бір жылдық жас шамасындағы тірі салмағы мен тірі салмаққа қатысты басқа да көрсеткіштерді білу қажет.

Бұқаны тек қана өзіндік жеке көрсеткіштеріне ғана негізделіп сатып алуға болмайды, оны алдымен қарап алу керек, немесе мұны басқа біреуге тапсыруға болады. Жасанды ұрықтандыруға бұқаны таңдау бөлімінде ескеретін жағдайлар ұсынылды, олар табиғи шағылыстыруға қолданылатын жас бұқашықты таңдаған кезде де пайдаға асырылады. 4.4 кестеде бұл көрсеткіштер бойынша стандарттар берілген.

4.4. кесте Табын өндірушісін таңдау барысында өнімділіктің стандартты көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Тұқым типі	
	британдық	Еуропалық континенталды
Қосымша азықтандырусыз енесінен ажыратқан кездегі тірі салмағы, кг	227	250
Қосымша азықтандырылп енесінен ажыратқан кездегі тірі салмағы, кг	250	272
Енесінен ажыратқан кездегі тірі салмақ пайызы	102+	102+

Рационда жоғары дәрежеде ірі азықтардың болуы барысында енесінен ажыратқаннан кейінгі орташа тәуліктік өсімі, кг	1,14	1,36
Рационда орташа дәрежеде ірі азықтардың болуы барысында енесінен ажыратқаннан кейінгі орташа тәуліктік өсімі, кг	1,36	1,59
Рационда төмен дәрежеде ірі азықтардың болуы барысында енесінен ажыратқаннан кейінгі орташа тәуліктік өсімі, кг	1,59	1,82
Енесінен ажыратқан кездегі орташа тірі салмақ өсімінің пайызы	102 +	102+
Дене бітімі бойынша класы *	14	14
Дене бітімі бойынша берілетін балы	5	6
Бір жылдық жас шамасындағы құйымшақ биіктігі, см	124	130
Бір жылдық жас шамасындағы майдың қалыңдығы, см	0,07	0,05

*11 «жоғары жақсы»; 12 «төмен таңдаулы» сұрып; 13 « орташа таңдаулы» сұрып және т.б.

Көптеген орталық тәжірибелік станцияларында қазіргі уақытта бұқалардың дене өлшемдері мен қатар, соноскоптың көмегімен май қалыңдығын анықтауға сынама алады. Бұл көрсеткіштер бұқаның өсу мен даму қабілеттерін бағалауға және оның дене құрылысын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұқалардың ұма орамын өлшейді, бұл өз кезегінде аталмыш өлшемге бұқаның барлық өндірушілік қабілеті байланысты екендігін көрсетеді. Бұл көрсеткішті асыра сілтеп бағалаудың керегі жоқ, себебі ұманың пішіні мен өлшемдері өзгеріп отыруы мүмкін. Алайда, көптеген станцияларда ұмасы жақсы дамымай қалған бұқаларды бракқа шығарады.

Мінсіз бұқаны іздеуге аса беріліп кетудің ажеті жоқ. Басқа өндірушілерді барық жағынан асып түсетін бұқаға қолжеткізуді мақсат етсе, уақыт жоғалтып, нәтижесінде фермалық шаруашылықта жасы келген кәрі бұқаларды ұзақ уақыт пайдалануға тура келеді. Табынға қажетті көрсеткіштерге ие болатын бұқаны таңдайды. Табындағы асылтұқымдық жұмыстарды саты бойынша жүзеге асырады, ол үшін бір бұқаның барлық артықшылықтарға біден ие болмайтынын ескере отырып, бірнеше бұқаларды таңдайды. Бұқаны таңдағаннан кейін оларды табындағы сиырларға іріктеуді бастайды.

БҰҚАНЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Ұрпағы бойынша тексерілген бұқаны сатып алу кезіндегі сақтық шаралары:

1. Шамадан тыс азықтандырылған өндірушіні сатып алмаған жөн.
2. Бұқалардың аяғы мен тұяқтарының қалпын тексеріп алу керек.
3. Жануарларды шамамен 30 күнге оқшаулайды.
4. Егер бұқаның қоңдылық көрсеткіші шамадан артық болса, оны сатылап зауыттық күйге түсіру керек.
5. Ұрықтандыруға пайдалану кезінде бұқаны аса жүктемеу керек.

Шағылытыру әдісімен алынған бұқаларды сатып алу кезіндегі сақтық шаралары

1. Бұқаның ұрпағы әр түрлі типті болады.
2. $\frac{3}{4}$ - қандастықтағы және негізгі тұқымы бойынша жоғары болатын бұқаларды таңдау қажет.
3. Ең үздік жануарларды таңдау керек: өндіруші бағасына үнемдемеген жөн.
4. Өнімділік көрсеткіштері және дене бітімі жақсы бұқаларды таңдайды, сонымен қатар төлдеудің жеңіл өтуін де ескереді.
5. Егер мүмкіндік болып жатса бұқаның енесін де қарап шығып, оның да өнімділік көрсеткіштерімен танысып шыққан дұрыс, себебі ол орташа көрсеткішті сиыр болуы мүмкін.

ӨНДІРУШІ БҰҚАНЫ ТАҢДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ АСЫЛТҰҚЫМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1. 15-20 жылда табынды 85-90 %-ға жақсарту деңгейі өндірушіні таңдауға байланысты.
2. Өндіруші бұқан жақсы атаққа ие болған табыннан алады.

3. Бұқаның денсаулығын тексеру:

- аталық жыныс мүшесінің кішкентай болуы (12 жас шамасында орамы бойынша 29 см кем болмауы қажет);

- тұяқтары мен аяқтарының нашар күйде болуы

- нашар мінез-құлық

4. Бұқаның жоғары өндірушілік қабілетіне аса мән беріледі (енесінен ажырату кезінде және бір жылдық жас шамасындағы тірі салмағы) — 100 пайыздан жоғары болуы қажет.

5. Бұқа дене бітімі бойынша келесі көрсеткіштерге ие болуы қажет.

- шамадан тыс азықтандырылмауы керек;

- бұлшықетінің дамуы шамадан артық болмауы қажет;

6. Өндірушілерді тексерістен өткен бұқалар мен сиырлардың арасынан таңдайды.

7. Аса маңызды болмаса да бұқаның алыс туыстарының да көрсеткіштерін ескерген жөн.

